

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryshchan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШІРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӨДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

ХҒТАР 16.21.45

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.05>М.С. ЖОЛШАЕВА¹ *Н.Х. ШАДИЕВА² 

Сулейман Демирель университеті, Қаскелең, Қазақстан¹
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана,
Қазақстан²

(e-mail: maira.zholshayeva@sdu.edu.kz¹, nur.shad@mail.ru²)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ ҚҰРАМДЫ ЕТІСТІКТЕР МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Тілдік жүйені құрылымдық жағынан зерттеу өткен ғасырда қарқынды жүрді және қомақты нәтижелерге қол жеткізілді. Қазақ тілтанымында лексика-семантикалық және грамматикалық жағынан күрделілігі саналатын етістіктер – құрылымдық жағынан бірнеше зерттеуге нысан болған, семантика-грамматикалық ерекшеліктері айқындалған сөз табы. Алайда қазақ тілтанымында құрылымдық жүйеде етістік сөздерге қатысты шешімін таппаған мәселелер әлі де болса кездеседі. Осындай мәселенің бірі – күрделі құрамды етістікті тіркестер мәселесі. Мақалада алған қойған мақсат – қазақ тіліндегі құрамы күрделі тіркесті етістіктердің лексика-грамматикалық сипатын айқындау. Мақсатқа сай мақалада қазақ тіліндегі оқулық, монография, академиялық грамматикаларда «күрделі етістік» терминімен аталып, түрлі категория аясында қарастырылатын көмекші етістіктердің қатысуымен жасалатын құрылымы күрделі етістікті тіркестер талданады және «күрделі етістік» ұғымына түсінік беріледі. Сондай-ақ, «күрделі етістік» пен «күрделі сөз» ұғымдарының арақатынасы қарастырылады. Өйткені қазақ тіліндегі «күрделі етістік» деп көрсетіліп жүрген етістіктің түрлері грамматикалық сипаты жағынан күрделі зат есім, күрделі сын есім, күрделі сан есімдермен пара-пар қарастыруға келмейді. Осымен байланысты мақалада қазақ тілтанымындағы күрделі етістіктердің анықтамасы мен олардың түрлерін саралауға қатысты тұжырымдар, жіктеме жасаудағы негізгі ұстанымдар талданады. Қазақ грамматикаларында күрделі етістіктер қатарында қарастырылып жүрген күрделі етістік, етістіктің аналитикалық формалары, еді көмекші етістігі арқылы жасалған күрделі формалар, фразалық немесе идиомаланған етістіктер, құранды етістіктер туралы ғылыми пайымдаулар талданып, әрқайсысының өзіне тән семантикалық сипаты, морфологиялық түрленім жүйесіндегі өзгешеліктері зерделенеді, тіл деңгейлеріне қатысы мен грамматикалық ерекшеліктері көрсетіледі. Тілдің құрылымдық жүйесіндегі мұндай күрделі құрамды етістікті тіркестердің өзіндік айырым белгілерінің анықталып, нақтылануы теориялық та, практикалық та жағынан маңызды. Бұл,

әсіресе, мемлекеттік тілді оқыту барысында оқу материалдарын жүйелеу мен етістікті құрылымдарды меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдерін жасау үшін аса қажет. Мақалада белгілі ғалымдардың зерттеу нысанына қатысты айтқан тұжырымдарын талдап, қорытынды жасауға бағытталғандықтан талдау, салыстыру, қорыту, жинақтау, сипаттау әдістері қолданылды. Қол жеткізілген нәтижелер қазақ тілінің құрылымдық грамматика саласын, етістік семантикасы мен көмекші етістіктердің функционалды ерекшеліктерін танытатын функционалды морфология мен аспектология саласына өзіндік теориялық үлесін қосады.

Түйін сөздер: күрделі етістік, құранды етістік, етістіктің аналитикалық формасы, фразалық етістік, сөзжасамдық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық мағына.

Кіріспе. Адамзатты қоршаған орта немесе болмыста орын алатын заттар мен құбылыстарға түрлі сипат пен әрекет тән болып келетіні белгілі. Заттар мен құбылыстарға тән амал-әрекет тілде таңбаланып, тілдік таңбаның мазмұндық жағы қимылды білдіретін сөздер, яғни етістіктер түрінде көрініс табады. Қазақ тілінде қимылды, амал-әрекетті білдіретін тіл бірліктері – етістіктер мазмұндық жағынан болсын, грамматикалық сипаты жағынан болсын күрделі сөз табы саналады. Оның күрделі болу себебі етістік сөз табының қазақ тіліндегі басқа сөз таптарымен салыстырмалы түрде алып қарағанда лексика-грамматикалық категорияларының саны жағынан көп болуымен қатар, күрделі морфологиялық түрленімге ие болып келетіндігімен байланысты. Етістік категорияларының грамматикалық көрсеткіштері синтетикалық формалармен ғана емес, аналитикалық тәсілмен аналитикалық форманттар арқылы берілу де етістіктің грамматикалық табиғатын күрделендіре түседі. Аналитикалық тәсіл арқылы берілетін грамматикалық мағыналардың грамматикалық көрсеткіштерін жасауға көмекші етістіктердің түрлі дәрежеде қатысуы және олардың грамматикалық қызметтері мен грамматикалық мағыналарының күрделі құрылымы грамматикалық формалар арқылы берілетін грамматикалық мағынадағы нәзік семантикалық реңктерді дәл бере алуымен және осындай мағыналық реңктердің сан алуан болуымен ерекшеленеді. Осындай күрделі құрылымды етістіктердің лексика-грамматикалық ерекшеліктерінің жүйесін жасауда қазақ тілінде бір-біріне қайшы келетін пайымдаулар мен сипаттамалар кездеседі және олардың болуы да заңды. Бұл қазақ тіліндегі құрамы күрделі тіркесті етістіктер мәселесін арнайы талдап, тиісті тұжырымдар жасауды қажет етеді.

Етістіктер қазақ тілінде қолданыс жиілігі жоғары сөздер қатарына жатады. Қазақ тілінің жиілік сөздігінде алғашқы жүздікке кіретін сөздер қатарында 30 етістік кездеседі және алғашқы жиі қолданылатын он сөздің бесеуі етістік болса, бірінші және екінші орында бол мен де етістіктері орналасқан [1,

18]. Қолданыс жиілігіне қатысты келтірілген мәліметтер қазақ тіліндегі етістіктердің маңызды екендігін көрсетсе керек. Бұл қазақ тіліндегі етістіктің лексикалық бірлік ғана емес, бірқатар етістіктердің күрделі тіркесті құрылымдар қатарына еніп, грамматикалық мағына жасауға қатысатындығымен байланысты.

Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде күрделі етістіктердің дефинициясына «мағынасы бір-біріне пара-пар екі не одан астам сөздердің біртұтас мағынаны білдіріп тіркесуінен жасалған етістік» деген анықтама беріліп, мынандай мысалдар келтірілген: құлақ қой, кіріп шық, айта бер, жәрдем ет, қабыл ал [2, 116]. Бұл анықтамада күрделі етістіктерге тән екі негізгі шарт қамтылған, олар: құрылымдық және мағыналық. Яғни, бір жағынан, күрделі етістік болу үшін олардың құрамы күрделі болып, кемінде екі сөздің тіркесінен тұруы қажет деген шарт қойылса, екінші жағынан, осы құрамдағы сөздердің тіркесімі біртұтас мағынаны білдіруі тиіс. Басқаша айтқанда, күрделі сөздерге қойылатын семантикалық тұтастық белгісі негізге алынған. Ал анықтамада қамтылған күрделі етістікке қойылатын талаптың «екі не одан көп сөздің тіркесіп келіп, біртұтас мағынаны білдіруі» деген шарт жалпы күрделі сөздің анықтамасымен үндесіп жатыр.

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте «күрделі сөз» терминінің дефинициясы былайша ашылған: «Күрделі сөздер деп кемінде екі не одан көп толық мағыналы сөздерден құралып, бір бүтін тұлға ретінде қалыптасқан сөзді айтады» [3, 117]. Алайда соңғы анықтамада күрделі сөз болудың басты шартының бірі оның құрамындағы сөздердің толық мағыналы, яғни лексикалық мағынасы бар бірлік болуы анық айтылған. Осы талап тұрғысынан келгенде, күрделі етістікке берілген жоғарыдағы анықтамада тілдік деректерден мысал ретінде берілген жәрдем ет деген тіркесте екінші сыңарда тұрған ет сөзі лексикалық мағынасынан айырылған мәнсіз етістік болса, айта бер деген аналитикалық құрылымдағы етістіктің екінші сыңарындағы бер сөзі жеке-дара тұрғанда лексикалық мағынасы болғанымен, бұл тіркес құрамында лексикалық мағынасынан жойып, көмекшілік қызмет атқарып тұр. Таратып айтатын болсақ, -а көсемше тұлғасында келген жетекші етістікке іс-әрекетті жалғастыру мағынасын білдіретін грамматикалық мән үстеліп тұр. Бірақ бірінші жағдайда ет мәнсіз көмекші етістігі тіркескен сөзінің қимылды білдіретін мағына жасауына тікелей ықпал етіп, жаңа лексикалық бірліктің пайда болуына әсер еткен. Яғни аналитикалық тәсіл арқылы лексикалық бірлік жасалған, бұл сөзжасамдық тәсілдің нәтижесі деп қарастырылады.

Профессор Б.Қасым «Сөзжасам: Семантика. Уәждеме» атты монографиясында аналитикалық тәсілге қатысты былай деп жазады: «Аналитизм – күрделі аталым жасаудың, ұғымды бірнеше сөздердің тіркесі арқылы таңбалаудың, күрделі құрылымдық жүйенің дара бірлікті қалыптастырудың жолы, яғни әртүрлі мағынаны білдіретін тіркестердің бір

номинативті мағынаны беретін бірлік ретінде жаңа номинативті мағынаға көшуі, сөйтіп, біртұтас лексикалық мағынаға ие болуы, лексема ретінде қалыптасуы» [4, 17].

Қазақ тілтанымындағы етістік сөз табына қатысты еңбектерден күрделі етістік ұғымының түсіндірілуі мен терминдік қолданысына, күрделі етістіктің түрлеріне қатысты бірізді пікірді табу қиын. «Күрделі етістік» деп аталған тіл бірліктері бірде сөзжасам категориясына қатысты болса, енді бірде етістіктің грамматикалық түрі ретінде қабылданады. Мұның бірден-бір себебі ғалымдардың аталған терминді тар және кең мағынада түсінуімен байланысты болса керек. Бұл аталған тілдік құбылысқа қатысты түрліше сипаттамалар мен түсіндірмелер күрделі етістік табиғатын дұрыс тануда қиындық тудырады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеудің әдістанымдық негізін бүтін мен бөлшектің өзара байланысына қатысты заңдылықтар құрайды. Теориялық тұрғыдан сөзжасамдық категория, грамматикалық категория, грамматикалық мағына, морфологиялық түрленімге қатысты А.А. Юлдашев, Ы. Маманов, А. Ысқақов, Н. Оралбаева, С. Исаев, М. Оразов, Б. Қасым еңбектеріндегі тұжырымдар мен пайымдаулар негіз болды. Мақала жазу барысында сипаттау, талдау, салыстыру, жүйелеу, қорыту әдіс-тәсілдері қолданылып, «тұлғадан мағынаға» қарайғы ұстаным басшылыққа алынды.

Талқылау мен бақылау. Қазақ тілтанымында өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап күрделі етістік мәселесі бірнеше зерттеу жұмысына нысан болды. «Күрделі етістік» термині күрделі сөз, яғни бірнеше сөздің тіркесуі, бірігуі, қосарлануы арқылы жасалып, бір ұғымды білдіретін лексикалық бірлік деген түсінікті қалыптастырды. Бұл тұрғыдан келгенде, күрделі етістіктер, оның ішінде тіркесті күрделі етістіктер және оның түрлеріне қатысты пайымдауларда сәйкессіздіктер немесе әртүрлі көзқарастар байқалады. 1967 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты академиялық еңбекте күрделі етістіктер үш топқа бөліп көрсетілген. Бұл ұжымдық еңбек-академиялық грамматиканың осы күрделі етістік бөлімін жазған – Ы. Маманов. Ғалым күрделі етістіктерді құрамы мен мағынасына қарай былайша саралаған:

«1. Есімдер мен еліктеуіштердің көмекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалатын тіркесті түбір етістіктер. Мыс.: жек көру, таң қалу, ер жету, құр қалу, тарс ету, гүрс ету. Күрделі етістіктің бұл түрі ешқандай грамматикалық үстеме мағынаны білдірмейді де, лексикалық единица есепті қолданылады.

2. Еді көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалатын күрделі формалар. Еді көмекші етістігі есімдер және етістіктермен тіркесіп, оларға өткен шақ және модальдық мағына үстейді. Мыс.: оқып едім, көрген едің, отыр еді, бармақ едік, айтар еді. Күрделі етістіктің бұл түрі бір ғана тұлғада қолданылады да, өзінің грамматикалық қызметіне қарай рай категориясына жатады.

3. Көсемшелерге көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалатын формалар. Күрделі етістіктің бұл түрі өзінің құрамы, етістік формаларының

түрленуі және грамматикалық мағыналары жағынан өз алдына жеке грамматикалық категория болып табылады... Мыс.: кетіп қалу, келе жатса, оқып шыққан, айтып салды» [5, 155]. Мұнда, байқап отырғанымыздай, күрделі етістік деген ұғым лексикалық бірлікті де, сөздің грамматикалық тұлғасын да қамтыған. Талдап көрсетер болсақ, күрделі етістіктің бірінші түрі – сөзжасамның аналитикалық тәсілі негізінде пайда болған лексикалық бірлік. Бұл туралы анықтамада атап көрсетілген және оған дәлел ретінде мысалдар келтірген. Бұл – бірінші ерекшелік. Күрделі етістіктің бұл түрін Б.Маманов арнайы тіркесті түбір етістіктер деп атаған. Кейінгі көрсетілген күрделі етістіктің екі түрінен тіркесті түбір етістіктер құрамы жағынан басқаша түзілген. Мұнда тіркес құрайтын сыңарлардың бірінші сыңары есім немесе еліктеуіш сөз болса, күрделі етістіктің екінші және үшінші түрінде тіркестің екі сыңары да етістік сөз табынан болып келеді. Бұл – екінші ерекшелік. Күрделі етістіктердің екінші және үшінші түрі құрылымдық жағынан екі сыңары да етістік сөздер, яғни негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесі болып келгенімен, бір-бірінен тіркес құрамындағы екінші сыңарда тұратын етістіктің лексика-грамматикалық ерекшелігі бойынша ажыратылады. Еді көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалатын күрделі етістік формаларында көмекші етістік толымсыз немесе мәнсіз көмекші етістік, яғни лексикалық мағынасы жоқ және тіркескен сөзіне тек грамматикалық мағына, дәлірек айтқанда, шақтық мағынаны, оның ішінде өткен шақ мағынасын үстейді. Сонымен қатар, еді көмекші етістігі жетекші қызмет атқаратын негізгі сыңардағы кез келген етістікпен тіркесіп, абстракция жасайды.

Күрделі етістіктің үшінші түрі ретінде көрсетілген көсемше тұлғалы негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалатын етістіктің аналитикалық түрінде көмекшілік қызмет атқаратын етістіктерге қатысты мынадай ерекшеліктерді атап көрсетуге болады:

1) көмекшілік қызмет атқарып тұрған етістіктердің лексикалық мағынасы бар, алайда олар бұл қызметте жұмсалғанда лексикалық мағынасын жойып, тіркескен жетекші етістікке тек грамматикалық мағына ғана үстейді;

2) көмекшілік қызметте келетін етістіктер көсемше тұлғасында тұратын жетекші етістіктермен жапа-тармағай тіркесе бермейді, яғни жетекші қызметте келетін етістіктің лексика-семантикалық тобы маңызды саналады. Мұнда көмекші етістік сөзжасамдық қосымшаларға тән талғампаздық қасиетімен ерекшеленеді. Қазақ тілінде кез келген көмекші етістік негізгі етістікпен тіркес құрау үшін қатар тұра алмайды. Олардың тіркесімінде белгілі бір заңдылық сақталады. Бұл заңдылық негізгі етістіктің лексикалық мағынасына қатысты болып келеді. Бұл жайында түркі тілдеріндегі аналитикалық форманттар мәселесін зерттеген А.А. Юлдашев көмекші етістік өзінің көмекшілік қызметін алдыңғы етістіктің белгілі бір формативімен тіркесіп келгенде ғана атқаратындығына ерекше назар аударып, «сондықтан да осы тіркестен

туындайтын мағынаны көмекші етістіктің еншісіне ғана беру дұрыс емес» деп жазады [6, 19].

3) көмекші етістік жетекші етістікпен тіркескенде оның лексикалық мағынасын өзгертіп, жаңа лексикалық бірлік жасамағанымен, оған семантикалық реңк қосады. Мұны профессор Н. Оралбаева аналитикалық формалы сөздің сөйлемде бір ғана лексикалық мағынаны білдіре отырып, бір сөздің грамматикалық тұрпаты қызметінде қолданылатындығын сыңарлардың лексикалық салмағымен байланыстырады. Ғалым бұл ойын: «Аналитикалық формалы сөздің құрамында бір ғана дербес сөз болады, сөйлемді құрастырушы сөз ретінде дербес сөз алынады да, оған тіркескен көмекші сөз оның лексикалық мағынасын өзгерту қызметін емес, оған грамматикалық, лексика-грамматикалық мағына беру қызметін атқарады» [7, 23] деп түсіндіреді. Автор тіркес құрамындағы сөздің лексикалық мағынасының маңызды екендігін көрсете отырып, оған тіркесетін грамматикалық көрсеткіштің қызметін атқаратын көмекші етістіктер таза грамматикалық мағына немесе жетекші сөздің лексикалық мағынасына семантикалық реңк ғана үстейтіндігін айтады. Сөздің лексикалық мағынасы өзгермейді, ал оған үстелетін семантикалық реңкті автор басқаша лексика-грамматикалық мағына деп атайды.

А.А. Юлдашев көмекші етістіктің жетекші сөзге семантикалық реңк үстеуі себебін олардың (көмекші етістіктердің) бойында лексикалық мағынаның тым болмағанда қалдығы болатындығымен байланыстыра отырып, : «тілде сөздің бұрынғы мағынасының біреуімен де мүлде байланыссыз көмекші сөз болмайды, сөздің көмекшілік мағынасы да оның лексикалық мағынасы секілді мотивсіз болмайды» [6, 21] деген тұжырым жасайды.

Көмекші етістіктерге қатысты бірізді шешімі жоқ мәселенің бірі олардың лексикалық мағынасына қатысты болып келеді. Бұл жайында екі түрлі пікір бар: бірі – көмекші етістіктерде лексикалық мағына жоқ деп санау (Н.К. Дмитриев, Н. Оралбаева), екіншісі – көмекші етістіктерде лексикалық мағына (қалдығы) болады деп есептеу (А. Юлдашев, М. Оразов). Көмекші етістіктерде лексикалық мағына жоқ деп санайтындардың бұл мәселеге қатысты уәждеріне келсек, Н. Оралбаева олардың грамматикалық дамуды басынан өткізуімен байланыстырады. М. Оразов болса, бұл мәселеге толық мағыналы сөз бен көмекші етістіктің байланысы тұрғысынан келгенді жөн санап, осы құбылысқа қатысты пікірін: «Көмекші сөздердің мағынасы өздерінің толық мағыналы сөз қызметінде қолданғандағы мағынасымен тікелей не сатылай байланысты болады. Тікелей байланысты болғанда көмекші етістік пен толық мағыналы етістіктің арасындағы мағыналық байланыс үзілмейді. Мысалы, айта бастады, жазып отыр, кетіп барады, жазып болды, айтып тұр т.б. Сатылай байланысқанда арадағы мағыналық байланыс үзіліп, көмекші етістіктің мағынасы аналитикалық форманттың құрамынан шыққандай көрінеді. Мысалы, айтып көр, барғым келеді, айта алды, құлап қалды, айтып шықты» [8,

47] деп түсіндіреді. Ғалым көмекші қызмет атқарып тұрған етістік мағынасының өзінің лексикалық мағынасымен байланысының болмауына тілдік заңдылықтардың әсері бар деп санайды және ол заңдылықтардың қатарына үнемдеу заңдылығы, мағынаны толық беру, нақтылап жеткізу, грамматикалық формалардың көп мағыналығынан қашу факторларын жатқызады.

Сонымен, Ы. Маманов күрделі етістіктің үшінші түрі ретінде көрсеткен «көсемше мен көмекші етістік» тіркесі күрделі етістік деген термин түсінігінің күрделі сөз ұғымына сай келе бермейді. Оның мәнісін ғалым былайша түсіндіреді: «Күрделі етістіктің құрамындағы алдыңғы көсемше түріндегі сыңары лексикалық мағынаға ие болады да, соңғы сыңары – көмекші етістік оған грамматикалық мағына үстейді және етістіктің басқа формаларымен түрленетін конструктивтік қызмет атқарады» [9,55]. Мұндай құрылымдағы күрделі тіркестің құрамындағы көмекші етістіктің морфологиялық жағынан түрленімге түсетіндігі жоғарыда ғалым атап өткен күрделі етістіктің түрлеріне, тіркесті түбір етістік пен еді көмекші етістігі арқылы жасалған формаларға да тән болып келеді. Бұл да күрделі етістік деген атауға біріктірілген етістікті тіркестерге тән ортақ сипат болып табылады. Сонымен қатар, келесі ұқсастық олардың құрылымдық жағынан кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалуы. Айырмашылығы олардың лексикалық, грамматикалық және лексика-грамматикалық сипаттарына қатысты болып келеді.

Н. Оралбаеваның күрделі етістіктерге берген анықтамасында күрделі сөздің тең сыңарлардан жасалуын, яғни толық мағыналы сөздерден болуын оған тән негізгі белгі деп санайды және бұл заңдылықтың барлық сөз табындағы күрделі сөздерге, оның ішінде күрделі етістіктерге де тән екендігін атап көрсетеді. Ғалым: «Күрделі етістіктің жасалуына оның жеке сыңарлары бірдей қатысады. Бұлардың да құрамындағы сыңарлары – толық мағыналы етістіктер. Күрделі етістіктер оның құрамындағы жеке сыңарларының мағынасының жиынтығынан жасалған бір күрделі қимылды білдіреді. Мысалы, барып кел күрделі бір қимылды білдірсе, ол қимыл екі бөлімнен тұрады, алдымен бару қимылы жасалады, іле-шала келу қимылы жасалады» [7, 56-57] деп жазады.

Н. Оралбаева күрделі етістіктер мен аналитикалық формалы етістіктердің айырмашылығын олардың тіркес құрамындағы екінші сыңардың қызметімен байланыстыра қарайды, күрделі етістіктің сыңарлары дара қолданылғанда да, күрделі етістіктердің құрамында қолданылғанда да бір мағынаны білдіретіндігін атап көрсетеді. Оны мысалмен дәйектегенде автор барып кел күрделі етістігін бір кеңістікте екі бағытта жасалатын әрекет екендігін көрсете отырып, күрделі етістік сыңарларының бірінен кейін бірі жасалатын екі амалды білдіреді деп көрсетеді. Сөйтіп, Н. Оралбаева күрделі етістіктерді тілдегі сөзжасам тәсіліне жатқызса, аналитикалық формалы етістіктер, оларды жасайтын аналитикалық форманттар сөз түрлендіруші морфемалар қатарындағы грамматикалық категория көрсеткіші болатындығын айтады. Бұл

ғалымның «күрделі етістік» ұғымын «күрделі сөз» түсінігімен бірдей алып қарайтындығын аңғартады.

Жоғарыда Ы. Маманов күрделі етістіктің бір түрі ретінде көрсеткен есім сөз бен еліктеуіш сөздердің көмекші етістікпен тіркесі арқылы жасалған жәрдем ету, мазақ ету, еңбек ету, сөз қылу, құштар болу, мәлім болу, тарс ету, сарт ету, былш ету сияқты тіл бірліктерін Н. Оралбаева құранды етістік деп атайды. Мұндай тіл бірліктеріне қатысты тұжырымдар арасында талас жоқ. Күрделі етістіктің түрі ретінде көрсетілетін құранды етістіктер – сөзжасамдық бірліктер. Алайда осы тұста күрделі сөздер қатарында қарастырылатын құранды етістіктерге қатысты мәселе туындайды. Қазақ тілінде құрылымы жағынан кемінде екі сөзден тұратын қимылды білдіретін тіркестер қатарында идиомаланған етістіктер де бар. Бұлардың да тұрпаты күрделі. Бірқатар идиомаланған етістіктер есім сөз бен етістіктің тіркесінен жасалуы жағынан құранды етістіктерге ұқсас болады. Сондай-ақ құранды етістік те, идиомаланған етістік те бір лексикалық мағынаны білдіреді. Айырмашылығы құранды етістік арқылы берілетін қимылдық мағына тіркес құрамындағы алдыңғы сыңардың семантикасына негізделеді. Мысалы, ыза бол, табыс ет, мазақ қыл, қанағат қыл, елең ет құранды етістіктерінің білдіретін қимылдық мағынасына ыза, табыс, мазақ, қанағат, елең сөздерінің семантикасы арқау болған. Идиомаланған етістіктің мағынасы тіркес құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарымен сәйкес келмейді, яғни тіркес құрамындағы сөздер тұтас топтасқан күйінде басқа бір ұғымды білдіреді. Мысалы: опық жеу – өкіну, қырғи қабақ болу – араздасу, көз салу – қарау, таяқ жеу – жазалау, жүрек жалғау – тамақтану, тіл қату – сөйлеу, құлақ қою – тыңдау, табан тіреу – тұрақтау. Ұқсастығы: тұрақты тіркестер мен құранды етістіктер семантикалық жағынан да, грамматикалық қызметі жағынан да тұтас бір бүтін тұлға ретінде қалыптасқан тіркестер болып табылады, сондықтан тіркес құрамындағы сөздердің арасына басқа сөзді қосып айтуға болмайды; екеуі де сөз тіркесінің бір сыңары ретінде жұмсалады; сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Мысалы, Сырым ұйып қалған аяғын созып, түрулі іргеден көрінетін алыс көкжиекке көз тастады (Ә.Кекілбаев); Әкесі Жаппардың қолынан шыққан бұйымнан гөрі сол көлденең көзге енжар қарамайтын сезімталдығына сүйсінді, соны көрді де, өзге балаларындай жабы түйсік емес, әсершіл ұлы барына риза болды (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемдердегі көз тастады идиомаланған тіркес пен риза болды құранды етістігі не істеді? сұрағына жауап беріп, сөйлемнің баяндауыш мүшесі қызметін атқарып тұр. Қазақ тіліндегі құранды етістіктердің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері М. Жолшаеваның мақаласында талданған [10, 252].

С. Исаев қазақ тіліндегі күрделі етістіктерге етістіктің грамматикалық түрі деп таниды және күрделі етістік ұғымның аясына негізгі етістік пен көмекші (лексикалық мағынасынан айырылған) етістіктің тіркесі жатқыдады да,

оларды етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясының көрсеткіші бола алуын негізге алады [11, 252]. Сөйтіп, қазақ тіліндегі күрделі етістіктер басқа сөз таптарында қолданылып жүрген күрделі сөз ұғымымен сәйкеспейтіндігін етістіктің ерекше сөз табы екендігімен түсіндіреді және етістікке қатысты қолданылатын «күрделі етістік» термині грамматикалық мәнге ғана ие екендігін айтады.

А. Ысқақов күрделі етістіктерді бірнеше түрге саралап көрсетеді, олар:

1) күрделі құранды етістік (жәрдем ет, ән сал);

2) құрама күрделі етістік немесе жай күрделі етістік (алып кел, ала кел, барып кел, бара кел, алып бар, ала бар, алып кет, ала кет, келіп кет, келе кет, жинап ал, сұрап ал);

3) аналитикалық етістік (айта сал, жаза түс);

4) тұрақты тіркестер мен идиомаланған етістіктер (бетіне шіркеу түсіре көрме, бойын аулаққа сала береді, жұмған аузын ашпай қойды, місе тұтса игі еді, жүрек жалғап алдық, жігері құм бола жаздады, идиомаланған етістіктер: опық жеді, таяқ жеді, құр қалды, бас қойды, ауыз жаласты, арам тер болды, қырғи қабақ болды, бетке шіркеу салды, жан алқымға алды, ауыз салды, көз салды, жек көрді) деп [12, 236-240] ажыратып қарайды. Жіктемеде көрсетілген күрделі етістік түрлерінің әрқайсына тоқталып, талдап көрейік. Ең алдымен, көрсетілген төрт топтың басын қосып, оларды бір күрделі етістік атауының аясына жинап тұрған шарт – олардың құрылымдық жақтан күрделі келуі, яғни кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалуы.

А. Ысқақов көрсеткен күрделі етістіктің алғашқы түрі – есім сөз бен көмекші етістіктің тіркесуінен жасалаған құранды етістік, тіркес нәтижесінде жаңа лексикалық бірлік пайда болады; екіншісі – құрама күрделі етістік атауымен берілген күрделі етістіктер. Мұнда күрделі етістік жасауға қатысатын екі сыңардағы сөздің толық мағыналары сақталып, бірінен соң бірі орындалатын күрделі қимылды білдіреді; үшіншісі – тіркесетін екі сөз де етістік сөз табынан болғанымен, алғашқысы лексикалық мағынаға ие жетекші сыңар болса, кейінгісі оған семантикалық реңк қосатын көмекші етістік болады. Соңғы түрі – толық мағыналы бірнеше сөздің тіркесуі арқылы тобымен бір лексикалық мағынаны білдіретін тұрақты тіркестер. Бұл топқа жататын тіркестердің ішінде бірқатары құрылымы жағынан «есім сөз + етістік» үлгісінде болып келуі жағынан құранды етістіктерге жақындайды, алайда білдіретін семантикаларының жасалуы тұрғысынан бір-бірінен ерекшеленеді. Құранды етістіктерде көмекші етістік сөзжасамдық қызмет атқарып, жетекші сөздің семантикасына процестілік үстеу арқылы жаңа сөз жасалса, идиомаланған тіркестің мағынасына тіркес құрамындағы сөздердің мағына жиынтығынан тұрмайды. Бұл, ғалым А. Ысқақовтың күрделі етістік түрлеріне қатысты талдау, күрделі етістік терминін автордың кең ұғымда алып қарастырғанын көрсетеді.

А. Салқынбай күрделі етістіктің екі негізгі етістіктен құралатындығын

және бір ғана ұғымға атау болатын туынды сөз екендігін [13, 236] атап өтеді. Күрделі етістіктерді аналитикалық сөзжасамның туындысы екендігін айта келе, тұлғалық жағынан күрделі етістіктердің екі сипатта көрініс беретіндігіне тоқталады. Бірінші топқа есім сөз бен етістіктің тіркесінен жасалған күрделі етістіктерді жатқызып, оған таң атты, ән салды, дем салды, қол салды, ой салды, сөз салды деген мысалдарды келтіреді. Екінші топқа негізгі етістіктердің тіркесуінен жасалған жаза түс, жаза сал, айта сал, айта көр, ойлап қой, келіп кет [13, 236] деген мысалдарды береді. Автор күрделі етістік деген терминді түсіндіруде күрделі сөзге тән семантикалық тұтастық белгісін басшылыққа алған сияқты. Өйткені берілген мысалдар тұрпаты жағынан екі сөздің тіркесінен тұрғанымен, бір ұғымды білдіріп тұр. Мұнда тұрақты тіркестер, оның ішінде идиомаланған да, фразалық та тіркестер қамтылған. Екінші топтағы мысалдар негізінен етістіктің аналитикалық формалары болып табылады. Мұнда жаза түс, жаза сал, айта сал, айта көр, ойлап қой дегенде түс, сал, көр, қой етістіктері көмекшілік қызмет атқарып тұр және дәл осы көмекшілік қызметте тұрғанда лексикалық мағынасын жойып, грамматикалық мағына үстеп тұр. Атап айтқанда, жаза түс – қимылдың күшейген түрде жалғасуы, жаза сал, айта сал – жол-жөнекей жасалған әрекет, ойлап қой – аяқталған қимыл мағынасын білдіреді. Бұл мағыналар жетекші етістіктерге тіркескен түс, сал, қой көмекші етістіктері және жетекші етістіктің көсемшенің –ып,-ып,-п, -а,-е, -й тұлғаларының қатысуы арқылы жасалған.

Нәтижелер. Күрделі етістік түрлерінің қай-қайсысы болса да етістіктің грамматикалық формаларымен түрленеді және бұл түрленімге тіркес құрамындағы соңғы сыңар қатысады. Мысалы:

- рай көрсеткіштерімен түрленуі: Жалғыз қалдым, кешір мені. Рұқсат етсең, өзіңе барамын (Д.Исабеков); - Біздің үйдің әйелі, балаңа абай бол. Не қиындық көрсең де, осыныңды сақта! – деп, теріс бұрылып кетті (Ә. Кекілбаев). Бұл сөйлемдерде кең ұғымдағы күрделі етістіктердің қатарына ететін рұқсат ет, абай бол құранды етістіктері рай көрсеткіштерін қабылдап түрленген;

- қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштерімен түрленуі: Бүгінгі оқиғаларды ол Мәликеге түгел айтып берді (Д.Исабеков); Қоңыр інгеннің желінінен шыққан алғашқы тамшылар темір шелектің түбіне тыз-тыз тамып жатыр (Ә.Кекілбаев); Қураған шөптер басылып, арасынан жылан сусып бара жатқандай сытыр-сытыр етеді (Д.Исабеков) сөйлемдерінде айтып бер, тамып жатыр деген етістіктің аналитикалық формалары, сытыр-сытыр ет құранды етістігі қимылдың өту сипаты мағыналарын, атап айтқанда айтып берді – толық аяқталған әрекет, тамып жатыр – жасалу үстіндегі қимыл, сытыр-сытыр етеді – дүркінді қимыл мағыналарын білдіреді.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі күрделі етістік аталып жүрген кемі екі сөздің тіркесінен жасалған құрылымдар таза формалды белгісіне қарай осындай атауға ие болған. Монографиялар мен оқу құралдары,

оқулықтарда күрделі етістік атауының қатарында құранды етістік, күрделі етістік, идиомаланған етістік, етістіктің аналитикалық формасы, күрделі өткен шақ формаларын жасайтын тіркес енеді. Бұл сипаттағы тіркесті құрылымдар лексика-семантикалық сипаты жағынан, морфологиялық түрленімі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Мұндай зерттеулер тілдегі құрылымдық жағынан сырттай ұқсас болып келетін тіркестерді функционалды-семантикалық жағынан ажырата білумен қатар, қазақ тілінің ұлттық корпусын құрастыру барысында талдауға түсетін мәтіндерге грамматикалық белгіленімдер енгізудің теориясын жасауда маңызды саналады. Мәселен, К.Пірманова лексикография мен грамматиканы зерттеуде корпус аса бай дереккөз болып табылатындығын айта келе, «мәселен, корпус материалында статистикалық әдістерді қолданып, қай сөздер әрдайым бірге қолданатынын білуге болады» және «корпустағы қайсыбір лингвистикалық бірліктің қоршауын бақылау негізінде ондай тілдік бірлікті сипаттайтын семантикалық белгілерін анықтауға болады» [14, 85] деп атап көрсетеді.

Күрделі етістік деген ұғым қазақ тіл танымында кең және тар түсінікте қолданылады. Кең ұғымдағы «күрделі етістік» термині қимылды білдіретін етістікті тіркестерге ортақ атау ретінде пайдаланылып, мұндағы күрделі сөзі тіркес құрамындағы сөз санының екіден артқы болуына қатысты, мұны құрылымдық аспектіге негізделген деп санауға болады. Ал семантикалық аспектіден кемінде екі сөздің тіркесінен жасалатын күрделі құрылымдар бір-бірінен ерекшеленеді: құранды етістік – сөзжасамдық, тұрақты тіркес – тұтасымен бір мағынаны беретін лексикалық (фразеологиялық) бірлік, етістіктің аналитикалық формалары – грамматикалық (лексика-грамматикалық) сипатқа ие болып келеді. Яғни құранды етістік – есім сөзді тіркес құрамындағы көмекші етістік қимылды білдіретін лексикалық бірлікке айналдырады; тұрақты тіркес немесе идиомаланған етістік – тіркес құрамындағы сөздердің мағынасы тұтастай тіркес арқылы берілетін мағынаға қатысы болмай, басқа лексикалық мағына қалыптасады; күрделі етістіктер – екі толық мағыналы сөздің тіркесінен күрделі қимылдық ұғым жасалады; етістіктің аналитикалық формасы – жетекші етістік пен көмекші етістіктің тіркесінен тұрып, жетекші етістікке көмекші етістік тек грамматикалық мағына немесе семантикалық реңк үстейді, соңғысы лексика-грамматикалық мағына деп аталады.

Ал тар ұғымдағы «күрделі етістік» термині күрделі сөз ұғымымен сәйкестенеді.

Сәйкесінше, күрделі етістіктерге сипаттама беруде, олардың түрлерін ажыратуда, талдаулар жасауда, ең алдымен, «күрделі етістік» ұғымының қандай түсінікте қабылдау қажеттігін басты назарда ұстау керек.

Әдебиеттер

1. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә., Карбозова Б.Д., Қожахметова А.Қ. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 792 б.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2002. – 304 б.
4. Қасым Б. Сөзжасам: Семантика. Уәждеме. – Алматы, 2003. – 167 б.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. I том. Морфология. – Алматы: Ғылым, 1967. – 236 б.
6. Юдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. – Москва: Наука, 1965. – 275 с.
7. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б.
8. Оразов М. Көмекші сөздер. 2-кітап. – Ташкент: Наурыз, 1997. – 185 б.
9. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы, 1966.
10. Жолшаева М. Қазақ тіліндегі құранды етістіктердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері // Тілтаным. – №1(85). – 2022.
11. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Өнер, 2007. – 336 б.
12. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
13. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 340 б.
14. Пірманова К., Жаңабекова А., Барменқұлова А. Ұлттық корпусарға негізделген лингвистикалық зерттеулер жүргізу // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет Хабаршысы. Филология сериясы. – №3 (187). – 2022. – Алматы: Қазақ университеті. – Б. 83-93.

М.С. ЖОЛШАЕВА

Университет Сулеймана Демиреля, Каскелен, Қазақстан

Н.Х. ШАДИЕВА

Евразийский гуманитарный институт им А. Кусаинова, Астана, Қазақстан

ПРОБЛЕМА СЛОЖНЫХ ГЛАГОЛОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация. Структура языковой системы достаточно исследована. В казахском языкознании глагол как часть речи в структурном аспекте был объектом многих исследовательских работ; определены грамматические особенности и лексико-семантические группы. Есть проблемы, которые не решены в отношении глаголов. Одна из таких проблем касается сложных глаголов. В статье анализируются языковые единицы, которые в учебниках, монографиях, академических грамматиках называются сложными глаголами и принадлежащие к разным категориям; разъясняется понятие «сложный глагол», его взаимосвязь с понятием «сложное слово». Глаголы в казахском языке, которые описываются как сложные глаголы, грамматически отличаются

от понятий сложных существительных, сложных прилагательных, сложных числительных. Со стороны автора анализируются основные подходы к классификации и формулированию выводов относительно определения сложных глаголов в казахском языке и дифференциации их видов. Сложные глаголы, аналитические формы глаголов, сложные формы, образованные вспомогательным глаголом *edi*, фразовые глаголы, составные глаголы рассматриваются с таких аспектах как семантический, структурный, морфологический; указывается их принадлежность к языковым уровням и грамматические особенности.

Ключевые слова: сложный глагол, составной глагол, аналитическая форма глагола, фразовый глагол, словообразующая семантика, грамматическая форма, грамматическое значение.

M.S. ZHOLSHAYEVA

Suleiman Demirel University, Kaskelen city, Kazakhstan

N. SHADIYEVA

A.Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan

THE PROBLEM OF COMPLEX VERBS IN KAZAKH LINGUISTICS

Annotation. In this research, the structure of the language system has been sufficiently investigated. In Kazakh linguistics, the verb as a part of speech in the structural aspect has been the object of many research works; grammatical features and lexical-semantic groups are determined. However, there are problems that have not been resolved about verbs. One of these problems concerns compound verbs. The article analyzes linguistic units that are called complex verbs in textbooks, monographs, academic grammars and belongs to different categories; explains the concept of «complex verb», its relationship with the concept of «compound word». Because the verbs in the Kazakh language, which are described as complex verbs, grammatically differ from the concepts of complex nouns, complex adjectives, complex numerals. The author analyzes the main approaches to the classification and formulation of conclusions regarding the definition of complex verbs in the Kazakh language and the differentiation of their types. As well as complex verbs, analytical forms of verbs, complex forms formed by the auxiliary verb *edi*, phrasal verbs, compound verbs are considered from such aspects as semantic, structural, morphological; their affiliation to language levels and grammatical features are indicated.

Keywords: complex verb, compound verb, analytical verb form, phrasal verb, word-forming semantics, grammatical form, grammatical meaning.

References

1. Jūbanov A.Q., Jañabekova A.Ä., Karbozova B.D., Qojahmetova A.Q. Qazaq tılınıñ jülik sözdıgı. – Almaty: Qazaq tılı, 2016. – 792 b.
2. Qaliev Ğ. Tıl bılımı terminderinıñ tüsındırme sözdıgı. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2005. – 440 b.
3. Salqynbai A., Abaqan E. Lingvistikalıq tüsındırme sözdık. – Almaty: Sözdık-Slovär, 2002. – 304 b.
4. Qasym B. Sözjasam: Semantika. Uäjdeme. – Almaty, 2003. – 167 b.
5. Qazaq tılınıñ gramatikasy. I tom. Morfologia. – Almaty: Ğylym, 1967. – 236 b.
6. İuldaşev A.A. Analiticheskie formy glagola v türskih iazykah. – Moskva: Nauka, 1965. – 275 s.
7. Oralbaeva N. Qazırğı qazaq tılındegı etistiktıñ analitikalıq formanttary. – Almaty: Mektep, 1975. – 136 b.
8. Orazov M. Kömekşı sözder. 2-kıtap. – Taşkent: Nauryz, 1997. – 185 b.
9. Mamanov Y. Qazırğı qazaq tılı. Etistik. – Almaty, 1966.
10. Jolşaeva M. Qazaq tılındegı qūrandy etistikterdınñ leksika-gramatikalyq erekşelikterı // Tiltanym. – №1(85). – 2022.
11. İsaev S. Qazırğı qazaq tılı. – Almaty: Öner, 2007. – 336 b.
12. Ysqaqov A. Qazırğı qazaq tılı. Morfologia. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 384 b.
13. Salqynbai A. Qazırğı qazaq tılı. – Almaty: Qazaq universiteti, 2008. – 340 b.
14. Pırmanova K., Jañabekova A., Barmenqūlova A. Ūlttyq korpustarǵa negizdelgen lingvistikalıq zertteuler jürgızu // Äl-Farabi atyndaǵy Qazaq ūlttyq universitet Habarşysy. Filologia seriasy. – №3 (187). – 2022. – Almaty: Qazaq universiteti. – B. 83-93.

Авторлар туралы мәлімет:

Жолшаева Майра Сатыбалдықызы – филология ғылымдарының докторы, Сулейман Демирель университетінің профессоры, Қаскелең, Қазақстан.

Жолшаева Майра Сатыбалдиевна – доктор филологических наук, профессор Университета Сулеймана Демиреля, Каскелең, Казахстан.

Zholshayeva Maira Satibaldievna – doctor of Philological Sciences, Professor of Suleiman Demirel University, Kaskelen city, Kazakhstan.

Шадиева Нұргүл Хамзаханқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

Шадиева Нургуль Хамзахановна – кандидат педагогических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А. Кусаинова, Астана, Казахстан.

Shadiyeva Nurgul Hamzahanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.